



РЕДАКТОРДАН

Болашаққа қазірден бастап дайындалу керек

Армысыздар, қадірменді оқырман!

Парламент қабырғасында өткен Мәжілістің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің отырысында қызық әңгіме өрбіді. Бұл жерде болашақтағы мамандықтар туралы азды-көпті сөз қозғалды. Экономикалық жағдай нашарлап, әлеуметтік кикілжің шиеленісіп тұрған пандемияның қазіргі аса ауыр жағдайында алыс болашақ туралы ойланатын уақыт па деген заңды сұрақ туындайды? Қалай дегенмен де, біз тілге тиек етіп отырған бұл болашақ көзімізді ашып-жұмғанша жүйткіп келіп, есігімізді қағып тұрған сияқты.

Қазақстанның кәсіптері мен құзіреттерінің атласы жарық көрді, онда 129 – жойылып бара жатқан, 95 – өзгертін және 239 (!) – түбегейлі жаңа мамандық көрсетілген. Біз бүкіл әлем сияқты, әсіресе бұл туралы ешқашан ойланбағандықтан, күрделі қайта қалыпқа келу жағдайына тап болдық. Мұның бәрі цифрландырумен, өмірімізге жаңа технологиялардың енуімен және олардың біздің өмірімізді басқаруымен тікелей байланысты.

Аталған отырыста «Көптеген мамандықтар бойынша дағдылардың өзектілігі бес жыл бойы ғана сақталады. Егер осыдан 10 жыл бұрын алған білім мен дағды 15 жыл жұмыс істеуге жеткілікті болса, қазір бұл білім мен дағды тез ескіріп кетеді» деген пікірлер айтылды.

Демек, еңбек нарығын барлық жаңа кадрлық ресурстармен қамтамасыз етіп отырған біздің білім беру жүйеміз балаларды алған білімдерін іс жүзінде қолдана білуге, болашағы бар мамандықты таңдауға тәрбиелеуі керек. 12 жылдық білім беру жүйесіне көшкенімен, жалпы білім беретін мектепте мұндай міндетті іске асыру әлі мүмкін болмай отыр, ал сұхбаты осы нөмірде жарияланған Асхат Жұмабеков сияқты «Әлем мұғалімі» жаһандық сыйлығын алуға ынталылар әлі де аз.

ТЖКБ жүйесінде көрініс әлдеқайда жақсырақ, өйткені бұл сала революциялық технологиялық өзгерістер болып жататын өндіріске біршама жақын. Бұл жерде болашақ мәселесіне бүгінгіні жетілдіру, жаңаша ойлайтын және бойларына қажетті дағдыларды сіңірген жұмысшы кадрларды даярлау арқылы келеді. Мұның қаншалықты сәтті болатынын оқырман Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Техникалық және кәсіптік білім департаментінің директоры Нәсімжан Оспановамен болған сұхбаттан біле алады.

Жоғары мектептің де бұл бағыттағы нақты қарқыны байқалады. Алматы энергетика және байланыс университеті және еліміздің оңтүстігіндегі көпсалалы университет – М. Әуезов атындағы ОҚУ, сондай-ақ мұғалімдерді даярлайтын беделді университеттер – Абай атындағы ҚазҰПУ және С. Аманжолов атындағы ШҚУ бұған жарқын мысал бола алады. Ең құндысы, біздің экономикамыздың ескішілдікке негізделген секторы болып көрінетін ауыл шаруашылығының болашақ мамандарының бойында заманауи технологиялық ойлау қабілетін қалыптастырып, практикалық дағдыларға тәрбиелеп отырған Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің мұндай тәжірибесі бар, бұл туралы ректор, академик Тілектес Есполов егжей-тегжейлі әңгімелейді.

Көрнекті тұлғалар мен тұтас ұжымдардың еңбегі еліміздің игілігіне, Қазақстанның әлемде лайықты орын алуына бағытталғаны қуантады. Біздің әлемнің жетекші 30 мемлекетінің қатарына кіру туралы ұранымыз осы мысалдар арқылы нақты мәнге ие болады. Бұл әсіресе дәстүр бойынша қорытындылауды қажет ететін Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында ерекше маңызды.

Тағы біраз уақыт өткеннен кейін еңбек нарығындағы және әлеуметтік өмірдегі қайраткерлердің негізгі бөлігін «миллиалдар» мен «Z ұрпағы», яғни қазіргі түлектер, студенттер, мектеп оқушылары мен өсіп келе жатқан жасөспірімдер құрайтын болды. Олар кеше ғана таңсық болып көрінген, ал бүгінгі таңда басты санатқа өтіп кеткен мамандықтарды заман талабына сай толық меңгеруге тиіс. Сонда халықтың қалған санаттары не істеуі керек? Әрине, оларға оқуға, қайта оқуға, қуып жетуге және озып кетуге тура келеді. Басқа ешқандай жол жоқ.

Ольга Шаленко